

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы		044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау		44 беттің 1 беті

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ ҮШІН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Пән: «Бейіні бойынша мейіргерлік тәжірибені жетілдіру»

Пән коды: ВВМТZh 1307 Zh

ББ атауы: 6В10104– «Мейіргер ісі»

Оқу сағаттары/кредит көлемі: 150 сағат (5 кредит)

Курс пен семестр: 1 курс, 2 семестр


ОБӨЖ. БӨЖ сабақтар: 15/85 сағат

Шымкент, 2025 ж.

OҢTҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы		044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау		44 беттің 2 беті

Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар «Бейіні бойынша мейіргерлік тәжірибені жетілдіру» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

хаттама № 11 « 18 » 06 2024ж.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., доцент  Сейдахметова А.А.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы		044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау		44 беттің 3 беті

1- тақырып

1. Тақырып. Мамандандырылған мейірбикелік көмек, мақсаты. Мейіргер жұмысы сапасының критерилері.

2. Мақсаты: Студенттерге мамандандырылған мейірбикелік көмек мақсатын, міндетін оның атқаратын қызметін түсіндіру. Заманау мейірбикелік технологиялар мен олардың түрлерін және қолданылуын түсіндіру.

3. Оқыту міндеттері:

Инфекциялық қауіпсіздікті сақтауға арналған іс-әрекеттерді орындау техникасы

Халі ауыр науқастарға күтім жүргізу техникасы

Халі ауыр науқастарды тамақтандыру

Қарапайым физиопроцедуралар

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Анторпометрия дегеніміз не?
2. Инфекциялық қауіпсіздікті сақтауға арналған іс-әрекеттерді орындау техникасы
3. Дезинфекциялағыш ерітінділермен жұмыс істеу ережелері
4. Халі ауыр науқастарға күтім жасау техникасы
5. Халі ауыр науқастарды тамақтандыру
6. Емделушінің функционалды жағдайын бағалау
7. Зертханалық зерттеулерге биологиялық материалды зерттеу
8. Науқасты аспапты әдіспен зерттеуге дайындау
9. Дәрілерді энтеральді және жергілікті жолмен енгізу
10. Инъекцияны жүргізу техникасы

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

Ауызша сауалнама, ситуациялық есептерді шешу.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Чек-парақ

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Анторпометрия дегеніміз не?
2. Инфекциялық қауіпсіздікті сақтауға арналған іс-әрекеттерді орындау техникасы
3. Дезинфекциялағыш ерітінділермен жұмыс істеу ережелері
4. Халі ауыр науқастарға күтім жасау техникасы
5. Халі ауыр науқастарды тамақтандыру
6. Емделушінің функционалды жағдайын бағалау
7. Зертханалық зерттеулерге биологиялық материалды зерттеу
8. Науқасты аспапты әдіспен зерттеуге дайындау
9. Дәрілерді энтеральді және жергілікті жолмен енгізу
10. Инъекцияны жүргізу техникасы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 4 беті

Тесттер:

1. Қолды өңдеу көрсеткіші:

- биологиялық сұйықтықтармен жанасқанда
- былғанған киіммен жұмыс жасағанда
- зарарсызданған бинт қолданғанда
- фенолфталеинді сынама жүргізгенде
- қан қысымы жоғары науқастарға күтім жасағанда

2. Педикулезді анықтауда науқасты тексеруге және санитарлық өңдеу жүргізуге қарсы көрсеткіш:

- науқастың өте ауыр жағдайы
- науқастың артопное қалпы
- науқастың операцияға дайындалуы
- науқастың ауыр жағдайы
- науқастың қанағаттанарлық жағдайы

3. Педикулез анықталғанда санитарлық өңдеуді жүргізгенде қолданылатын ерітінді:

- карфобос 0,15% ерітіндісі
- антисептикалық ерітінді
- хлорамин ерітіндісі
- этил спирті
- 10-15% сірке қышқылы

4. Натрий хлоридінің 0,9 % ерітіндісі қан алмастырушылардың келесі тобына жатады:

- су-тұз және негізгі қышқылды жағдайды реттеуші
- гемокорректорлардың
- детоксикациялы
- парентеральды тамақтандыру
- инголяциялық

5. Флебидтің дамуында маңызы зор нәре:

- инфузанды түрі мен ПТК тамырда болу ұзақтығы
- катетер канюлясының өлшемі
- пункция орнының таңдалуы
- инфузианттың тек химиялық құрамы
- инфузианттың тек биологиялық құрамы

6. Перифериялық катетер канюлясы, инфузиялы жүйелер жататын медициналық қалдықтар:

- «Б»
- «А»
- «В»
- «Г»
- «Д»

7. Көзіне пациент қаны тиген кезде медбикенің көрсететін әрекеті:

- көзді сумен жуу
- бетперде кию
- альбуцид ерітіндісін тамшылату
- дәрігерге хабар беру
- хлоргексидиннің 0,5% сулы ерітіндісімен жуу

8. «Гепарин құлыбын» енгізу кезінде гепариннің ерітілетін мөлшері:

- 1:100

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 5 беті

- b)1:5000
- c)1:500
- d)1:50
- e)1:1000

9.Қан тобын анықтаған кезде изогемагглютинирдык бойынша стандартты сары су реакциясын бақылайды:

- a)5 мин
- b)1 мин
- c)3 мин
- d)10 мин
- e)15 мин

10. Трансфузиялық ортаны қан құйғанға дейін тоңазытқыштан алу керек:

- a)30-60 мин
- b)10-15 мин
- c)20-30 мин
- d)90-120 мин қалғанда
- e)60-90 мин

Ситуациялық есептер:

1 есеп. Медбике науқасқа инъекция жүргізу барысында киіміне және терісіне науқастың қанын тигізіп алды. Бұл кездегі мейірбикенің іс әрекет реті. Қолданылатын ерітінділерді атаңыз.

2 есеп. Он екі елі ішек және асқазанды рентгенологиялық тексеруге науқасты дайындау мақсатын, іс әрекет ретін көрсетіңіз. қарсы көрсетілімдері қандай?

Жауабы:

1 есеп.

Іс әрекет реті:

1. Инъекция аяқталған соң былғанған киімді сыртқы жағын ішке қаратып шешу;
2. 3% хлорамин ерітіндісіне 1 сағ салып қою;
3. 3 % хлорамин ерітіндісіне батырылған салфеткамен киімнің былғанған жеріне 60 мин қойып, сонан соң ыстық сумен жуу;
4. 70 % этил спиртіне батырылған тампонмен қан немесе биологиялық сұйықтық тиген тері бетін сүртут қажет;
5. тампонды қолданғаннан кейін тастайтын ыдысқа салу;
6. қолды сабынмен жуу;
7. қан тиген жерді антисептикалық ерітіндіге батырылған тампонмен қайталап сүрту;
8. тампонды қолданғаннан кейін тастайтын ыдысқа салу;

Ерітінділер: 3% хлорамин ерітіндісі, 70 % этил спирті, антисептикалық ерітінді.

2 есеп.

Мақсаты: 12 елі ішек және асқазан ауруларын диагностикалау.

Іс- әрекет реті:

1. тексеруге ерекше дайындықтың қажеті жоқ, бірақ іш кебу кезінде кешке және аздаң тазалау клизмасын жасау
2. белгіленген уақытта таңертең рентгенологиялық кабинетке келуін науқасқа ескерту немесе апару

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 6 беті

3. науқас рентгенологиялық бөлмеде 150-200 мл мөлшерде барий сульфатының қоспасын ішке қабылдайды
4. дәрігер рентгенологиялық бейнелер жасайды.
5. дәрігерге рентгенологиялық суретті жеткізуін науқасқа ескерту, ал стационарда-науқасты палатаға жеткізу керек, тыныштық орнатып және оны қадағалау.

2- тақырып

1. Тақырып: Пневмония, бронхиалды демікпе, бронхоэктаздық аурулар, өкпе эмфиземасы, туберкулез кезіндегі мамандандырылған мейіргерлік көмек

2. Мақсаты: Студенттерге тыныс алу ауруларында емшараларды орындау техникасын, тыныс алу ырғағының, жиілігінің және тереңдігінің бұзылуы кезіндегі мейірбикелік көмек көрсетуді үйрету

3. Оқыту міндеттері:

- Тыныс алу жиілігін анықтау
- Тыныс алу жүйесінің қызметі бұзылған науқастарды бақылау және күтім жүргізу
- Науқасқа дренажды қалып беру
- Атипиялық жасушаларға қақырықты зерттеу

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Тыныс алу қажеттілігін қанағаттандыру бұзылыстары кезіндегі мейірбике қызметінің стандарттары
2. Қақырықты туберкулез таяқшаларына флотация әдісімен зерттеуге жинау
3. Тыныс алу ауруларында емшараларды орындау техникасы
4. Ылғалды оттегін оттегі жастықшасы арқылы беру
5. Ылғалды оттегін мұрын катетері арқылы беру
6. Қалта ингаляторын қолдану ережелері

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

Ауызша сауалнама, ситуациялық есептерді шешу.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Чек-парақ

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Тыныс алу қажеттілігін қанағаттандыру бұзылыстары кезіндегі мейірбике қызметінің стандарттары
2. Қақырықты туберкулез таяқшаларына флотация әдісімен зерттеуге жинау
3. Тыныс алу ауруларында емшараларды орындау техникасы
4. Ылғалды оттегін оттегі жастықшасы арқылы беру
5. Ылғалды оттегін мұрын катетері арқылы беру
6. Қалта ингаляторын қолдану ережелері
7. Тыныс алу жиілігін анықтау
8. Тыныс алу жүйесінің қызметі бұзылған науқастарды бақылау және күтім жүргізу
9. Науқасқа дренажды қалып беру
10. Атипиялық жасушаларға қақырықты зерттеу

Тесттер:

1. Ылғалды оттегін оттегі жастықшасы арқылы берудің мақсаты:

O'NTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 7 беті

- a) жедел немесе созылмалы жүрек немесе өкпе жетіспеушілігі кезінде ағзаны оттегімен қанықтыру, стационарлық деңгейде немесе үй жағдайында
 - b) дәрілік затты ағзаға аэрозоль түрінде енгізу
 - c) буынның пункциясы буындағы заттардың құрамын бағалау үшін және осы құрамдарды шығарып, дәрілік заттарды енгізу үшін жүргізіледі
 - d) қандағы глюкоза деңгейін төмендету үшін инсулиннің нақты мөлшерін енгізу
 - e) стернальді пункция жедел және созылмалы лейкозды, миеломды ауруды, верльгоф ауруын, анемия, рак метастазын анықтау үшін жүргізіледі
2. Қалта инголяторын кооданудың мақсаты:
- a) дәрілік затты ағзаға аэрозоль түрінде енгізу
 - b) буынның пункциясы буындағы заттардың құрамын бағалау үшін және осы құрамдарды шығарып, дәрілік заттарды енгізу үшін жүргізіледі
 - c) қандағы глюкоза деңгейін төмендету үшін инсулиннің нақты мөлшерін енгізу
 - d) стернальді пункция жедел және созылмалы лейкозды, миеломды ауруды, верльгоф ауруын, анемия, рак метастазын анықтау үшін жүргізіледі
 - e) жедел немесе созылмалы жүрек немесе өкпе жетіспеушілігі кезінде ағзаны оттегімен қанықтыру, стационарлық деңгейде немесе үй жағдайында
3. Ылғалды оттегін оттегі жастықшасы арқылы беруде қолданылатын жабдықтар:
- a) вазелин, оттегі жастықшасы, 70 % спирт
 - b) аэрозоль бар баллон
 - c) жылытқыш-ыстық сумен, орамал
 - d) мұзды қабық, орамал
 - e) дәкелі салфетка, балауызды қағаз
4. Ылғалды оттегін мұрын катетері арқылы беруде қолданылатын жабдық:
- a) оттекті жастық
 - b) вазелин, оттегі жастықшасы, 70 % спирт
 - c) аэрозоль бар баллон
 - d) жылытқыш-ыстық сумен, орамал
 - e) мұзды қабық, орамал
5. Ылғалды оттегін мұрын катетері арқылы оттегі беру минутына:
- a) 2-3 л
 - b) 3-5 л
 - c) 1,5-2 л
 - d) 5-6 л
 - e) 3-6 л
6. Мұрын жолдарының шырышты қабатының ойылуының және кебуінің алдын алу мақсатында катетердің қалпын әрбір минут сайын ауыстыру.
- a) 30-60
 - b) 60-100
 - c) 20-30
 - d) 30-40
 - e) 40-60
7. Зарарсызданған мұрын катетері майланады:
- a) вазелинмен
 - b) 70 % спирт
 - c) эфир
 - d) спиртті йод ерітіндісі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 8 беті

- e) 0,5% новокаин ерітіндісі
8. Қалта ингаляторын қолдану ережесіндегі бірінші іс-әрекет:
- баллонның қақпағын ашып, оны төңкеру
 - баллонды сілкілеу
 - терең дем шығару
 - мундштукты ерінмен жымқыру
 - бірнеше секундқа демді кідірту

Ситуациялық есептер:

1 есеп. Стационарда өкпе жетіспеушілігі кезінде ылғалды оттегін оттегі жастықшасы арқылы беруде ағзаны оттегімен қанықтыруға қажетті құрал жабдықтарды дайындаңыз.

2 есеп.

Науқас Ж. 35 жаста, дем алу қимылдарының ырғағы мен күшінің бұзылуы көрінеді. Науқаста ентікпе пайда болған. Ентікпе ұзақ дем алумен сипатталады және ол дауыс І саңылауының рефлекторлық қысылуы кезінде пайда болып, сырылдап дем алады байқалады. Науқаста пайда болған ентікпе түрі. Мейірбикенің міндеті.

3 есеп.

Д. есімді 45 жасар науқас бронхоэктазбен ауырады. Науқаста қақырық жақсы шығуы үшін мейірбикенің іс әрекеті. Іс әрекет ретін көрсетіңіз.

Жауабы:

1 есеп.

Жабдықтар:

- оттегі жастықшасы
- зарарсыздандырлған мұрын катетері
- вазелин
- 70 % спирт
- лоток
- пластырь
- резеңкелі немесе пластикалық түтікше

2 есеп.

Инспираторлық ентікпе

Мейірбикенің міндеті:


- бірден дәрігерге ентігу сипаты, тыныс алу жиілігі туралы өз бақылауын айту, сондай-ақ, науқастың жағдайын жеңілдету үшін шаралар қолдану;
- науқасқа биіктеу (жартылай отырғызу) қалып беру;
- тар киімнен және ауыр көрпеден босату;
- бөлмеге таза ауа ағынын арттыру;
- дәрігердің сәйкес тағайындауы болса, науқасқа қалталық ингалятор беріп, оны қалай қолдану туралы түсіндіру;
- қажет болса оксигенотерапия жүргізу.

3 есеп.

Науқасқа дренажды қалып беру.

Іс әрекеттің реті:

- Мейірбике науқасты арқасында жатқан қалпынан жайлап 360°-қа бұрады.
- Әрбір 45 минут сайын мейірбике науқасқа терең тыныс шығаруды ұсынады және жөтел пайда болса науқасты жақсылап жөтелдіреді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 9 беті

3. «Намаз оқып отырған мұсылман қалпын» қолдануға болады, бұл кезде науқас тізерлеп отырады да алдыға қарай еңкейеді, сонымен қатар басы мен денесінің жоғарғы бөлігін солға және оңға қарай кезек-кезек төсектен төмен түсіреді.
4. Бұл ісшараны күніне 5-6 рет жүргізеді.
5. Егер осы ісшаралардың біреуінде де қақырық түспесе, онда оларды қолданудың пайдасы жоқ!

3- тақырып

1. Тақырып: Стенокардия, миокард инфарктісі, жіті коронарлық синдром және гипертониялық криз кезіндегі мамандандырылған мейіргерлік көмек

2. Мақсаты: Студентке жүрек-қан тамыр ауруларын, олардың салдарларын түсіндіру. Жүрек-қан тамыр аурулары кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмекті ұйымдастыру.

3. Оқыту міндеттері:

- Жүрек-қан тамыр аурулары кезіндегі көрсетілетін мейірбикелік көмек
- Жүрек –қан тамыр жүйесі ауруларының клиникалық белгілері
- Қан айналу жүйесінің ауруларымен байланысты көкірек қуысындағы ауырсынулар
- Жүрек тұсының ауырсынуы кезіндегі алғашқы медициналық көмек
- Стенокардия ұстамасы, көрсетілетін көмек
- Ентігу кезіндегі көмек

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Жүрек жетіспеушілігі кезіндегі тұншығу
2. Жүрек жетіспеушілігі кезіндегі ісінулер
3. Артериялық қысымның көтерілуі кезіндегі алғашқы медициналық көмек
4. Демігу ұстамасы (жүрек астмасы)
5. Жүрек ырғағының бұзылуы
6. Жүрек тұсының ауырсынуы
7. Қан айналым мүшелері қызметінің бұзылысы кезіндегі мейірбикелік процесс

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары: Ауызша сауалнама, ситуациялық есептерді шешу.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Чек-парақ

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Жүрек жетіспеушілігі кезіндегі тұншығу
2. Жүрек жетіспеушілігі кезіндегі ісінулер
3. Артериялық қысымның көтерілуі кезіндегі алғашқы медициналық көмек
4. Демігу ұстамасы (жүрек астмасы)
5. Жүрек ырғағының бұзылуы
6. Жүрек тұсының ауырсынуы
7. Қан айналым мүшелері қызметінің бұзылысы кезіндегі мейірбикелік процесс

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 10 беті

8. Жүрек-қан тамыр аурулары кезіндегі көрсетілетін мейірбикелік көмек
9. Жүрек –қан тамыр жүйесі ауруларының клиникалық белгілері
10. Қан айналу жүйесінің ауруларымен байланысты көкірек қуысындағы ауырсынулар
11. Жүрек тұсының ауырсынуы кезіндегі алғашқы медициналық көмек
12. Стенокардия ұстамасы, көрсетілетін көмек
13. Ентігу кезіндегі көмек

Тесттер:

1. Жүрек артерияларының атеросклероз салдарынан тарылуы кезінде дамиды:
 - a) стенокардия ұстамасы
 - b) тромбоз
 - c) эмболия
 - d) спазм
 - e) лейкоз
2. Артериалды пульс дегеніміз –
 - a) қанның артериалды жүйеге айдалуы нәтижесінде артерия қан тамырлар қабырғаларының ырғақты қозғалуы
 - b) жүректің жиырылып, босаған кезеңіндегі қан тамырлары қабырғасындағы қан қысымы
 - c) тамырдағы қан толқыны ең көп көтерілген қысым, ол артерия жүйесінде жүректің сол жақ қарыншасы жиырылғаннан кейін- ақ пайда болады
 - d) жүректің босаңсуының соңындағы қысым, тамырдағы қан толқыны түскен кезде болады
 - e) кіші қан айналым шеңберінде іркілу пайда болғанда байқалады
3. Қан қысымы –
 - a) жүректің жиырылып, босаған кезеңіндегі қан тамырлары қабырғасындағы қан қысымы
 - b) тамырдағы қан толқыны ең көп көтерілген қысым, ол артерия жүйесінде жүректің сол жақ қарыншасы жиырылғаннан кейін- ақ пайда болады
 - c) жүректің босаңсуының соңындағы қысым, тамырдағы қан толқыны түскен кезде болады
 - d) қанның артериалды жүйеге айдалуы нәтижесінде артерия қан тамырлар қабырғаларының ырғақты қозғалуы
 - e) кіші қан айналым шеңберінде іркілу пайда болғанда байқалады
4. Систола қысымы –
 - a) тамырдағы қан толқыны ең көп көтерілген қысым, ол артерия жүйесінде жүректің сол жақ қарыншасы жиырылғаннан кейін- ақ пайда болады
 - b) жүректің босаңсуының соңындағы қысым, тамырдағы қан толқыны түскен кезде болады
 - c) қанның артериалды жүйеге айдалуы нәтижесінде артерия қан тамырлар қабырғаларының ырғақты қозғалуы
 - d) жүректің жиырылып, босаған кезеңіндегі қан тамырлары қабырғасындағы қан қысымы
 - e) кіші қан айналым шеңберінде іркілу пайда болғанда байқалады
5. Диастола қысымы –..... .

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 11 беті

- a) жүректің босаңсуының соңындағы қысым, тамырдағы қан толқыны түскен кезде болады
 - b) қанның артериалды жүйеге айдалуы нәтижесінде артерия қан тамырлар қабырғаларының ырғақты қозғалуы
 - c) жүректің жиырылып, босаған кезеңіндегі қан тамырлары қабырғасындағы қан қысымы
 - d) тамырдағы қан толқыны ең көп көтерілген қысым, ол артерия жүйесінде жүректің сол жақ қарыншасы жиырылғаннан кейін- ақ пайда болады
 - e) кіші қан айналым шеңберінде іркілу пайда болғанда байқалады
6. Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары кезіндегі жүрек жетіспеушілігі белгілерінің бірі:
- a) ентігу
 - b) инфаркт
 - c) ауыр миокардит
 - d) гипертониялық криз
 - e) Цианоз
7. Бұл шулы тыныс алумен өтетін, көбінесе түнгі уақытта, кенеттен пайлі болатын ауыр ентігу ұстамасы:
- a) Жүрек жетіспеушілігі кезіндегі тұншығу (жүрек демікпесі)
 - b) Өкпе ісінуі
 - c) Жүрек жетіспеушілігі кезіндегі ісінулер
 - d) Жүрек ырғағының бұзылуы
 - e) Цианоз
8. Үлкен қан айналу шеңберінде қанның іркілуінен және ағзада сұйықтық жиналуынан пайда болады:
- a) Жүрек жетіспеушілігі кезіндегі ісінулер
 - b) Жүрек ырғағының бұзылуы
 - c) Цианоз
 - d) Жүректің жиі қағуы
 - e) Жүрек жетіспеушілігі кезіндегі тұншығу (жүрек демікпесі)
9. Бүкіл дененің ісінуі деп аталады.
- a) анасарка
 - b) асцит
 - c) гидроторакс
 - d) гидроперикард
 - e) парацентез
10. Қан айналым мүшелері қызметінің бұзылысы кезіндегі мейірбикенің мақсаты:
- a) мейірбикелік күтімді ұйымдастыру мақсатында қажеттіліктің қанағаттануының бұзылысын анықтау
 - b) жедел немесе созылмалы жүрек немесе өкпе жетіспеушілігі кезінде ағзаны оттегімен қанықтыру, стационарлық деңгейде немесе үй жағдайында
 - c) дәрілік затты ағзаға аэрозоль түрінде енгізу
 - d) буынның пункциясы буындағы заттардың құрамын бағалау үшін және осы құрамдарды шығарып, дәрілік заттарды енгізу үшін жүргізіледі
 - e) қандағы глюкоза деңгейін төмендету үшін инсулиннің нақты мөлшерін енгізу

Ситуациялық есептер:

1 есеп.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 12 беті

Р. есімді науқас 45 жаста. Жүрек тұсының қатты ауырсынуына шағамдануда. Жүрек тұсының ауырсынуы кезіндегі алғашқы медициналық көмекті жазып көрсетіңіз.

2 есеп.

Ш. есімді 35 жасар науқас, жүрек жетімсідігі салдарынан стационарлық ем қабылдауда. Науқаста кенеттен енгігу ұстамасы басталды. бұл кездегісіздің іс әрекетіңіз.

3 есеп.

Артериялық қысымның көтерілуі кезіндегі алғашқы медициналық көмектің іс-әрекет алгоритмін жазып көрсетіңіз

Жауабы:

1 есеп.

Жүрек тұсының ауырсынуы кезіндегі алғашқы медициналық көмек

- Науқасты жатқызу;
- Таза ауамен қамтамасыз ету;
- « Қысып тұрған киімдерін шешу;
- Бір таблетка нитроглицеринді науқастың тілінің астына салу;
- Науқасқа жарты таблетка аспирин беру;
- Анальгетиктер енгізу;
- Дәрігерді шақыру.

2 есеп.

Енгігу кезіндегі көмек: тыныштық жағдай жасау, науқасты отырғызу немесе жартылай отырғызу (ортопноэ), қысып тұрған киімдерді шешу, таза ауамен қамтамасыз ету, дәрігердің тағайындауымен иитроглицерин немесе АҚ жоғары болса гипотензивті дәрі беру.

3 есеп.

Іс-әрекет алгоритмі:

- Науқасты жатқызу;
- Таза ауамен қамтамасыз ету;
- Қысып тұрған киімдерін шешу;
- Дәрігерді шақыру;
- Бір таблетка нитроглицеринді науқастың тілінің астына салу;
- Седативті заттарды беру - пустырник тұнбасы 20-30 тамшы, корвалол 15-30 тамшы, валокордин 15-30 тамшы. валерин экстракты 1 драже.

4- тақырып

1. Тақырып: Гастрит, асқазан ойық жарасы, өт шығару жолдарының дискинезиясы, панкреатит, энтерит кезіндегі мамандандырылған мейіргерлік көмек

2. Мақсаты: Ас қорыту жүйесі ауруларындағы мейірбикелік үрдісті, мамандандырылған мейірбикелік көмекті, асқазан мен ішегі ауыратын науқастарға жасалатын күтім және бақылауды ұйымдастыру.

3. Оқыту міндеттері:

Науқасты жалпы қараған кезде оның сыртқы келбетіне баға беру.

Мейірбикелік мәселелер

Мейірбикелік жоспар

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Асқазан мен ішегі ауыратын науқастарға жасалатын күтім және бақылау
2. Ас қорыту жүйесінің қызметі бұзылуы кезіндегі мейірбикелік үрдіс
3. Ас қорыту жүйесі ауруларына тән симптомдар

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы		044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау		44 беттің 13 беті

4. Науқасты жалпы қараған кезде оның сыртқы келбетіне баға беру.
5. Мейірбикелік мәселелер
6. Мейірбикелік жоспар
7. Асқазан аурулары кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмек

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

Ауызша сауалнама, ситуациялық есептерді шешу.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Чек-парақ

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Асқазан мен ішегі ауыратын науқастарға жасалатын күтім және бақылау
2. Ас қорыту жүйесінің қызметі бұзылуы кезіндегі мейірбикелік үрдіс
3. Ас қорыту жүйесі ауруларына тән симптомдар
4. Науқасты жалпы қараған кезде оның сыртқы келбетіне баға беру.
5. Мейірбикелік мәселелер
6. Мейірбикелік жоспар
7. Асқазан аурулары кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмек

Тесттер:

1. Метеоризм кезінде тәулігіне белсендірілген көмірді беруді қамтамасыз ету.

- a) 4 рет 2 таблеткадан
- b) 2 рет 4 таблеткадан
- c) 3 рет 1 таблеткадан
- d) 2 рет 1 таблеткадан
- e) 4 рет 3 таблеткадан

2. Іш қатпасы кезіндегі диета столы:

- a) диета №3
- b) диета №5
- c) диета №8
- d) диета №10
- e) диета №0

3. Іш өту кезінде тағайындалатын диета столы:


- a) диета №4
- b) диета №5
- c) диета №8
- d) диета №10
- e) диета №0

4. Асқазан- ішектерден қан кеткенде:

- a) "кофе тұнбасы" тәрізді құсық;
- b) іш өту;
- c) іш қату;
- d) метеоризм;
- e) нәжісті ұстамау.

5. Ішек диспепсиясы (бұзылыстары) кезінде байқалады:

- a) іш өту;
- b) "кофе тұнбасы" тәрізді құсық;

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 14 беті

- c) кенеттен болған әлсіздік, бас айналу, тершеңдік
 d) нәжістің қара түсті (мелена) болуы
 e) дисфагия
6. Асқазан диспепсиясы кезіндегі науқас шағымы:
- a) дисфагия
 b) іш өту;
 c) "кофе тұнбасы" тәрізді құсық;
 d) кенеттен болған әлсіздік, бас айналу, тершеңдік
 e) нәжістің қара түсті (мелена) болуы
7. Құсу бұл:
- a) асқазанның ішіндегі заттардың ауыз кейде мұрын арқылы сыртқа шығуы
 b) метеоризмде, ішектердің эвакуациясы бұзылғанда; түйілу кезінде пайда болады.
 c) ас қорытылудың бұзылуы
 d) асқазандағы ауаның немесе оның ішіндегі астың өңешке түсуі.
 e) сүйегінің артында пайда болатын өте күшті күйдіру сезімдері
8. Ауырсыну орналасуы бойынша өңеш дерттеріне тән:
- a) Асты жұтынған кезде төс сүйегінің артындағы ауру
 b) Эпигастрий тұсындағы ауру
 c) Пилородуоденалдық аймақтағы аурулар
 d) Кіндік тұсындағы аурулар
 e) Мықын аймағында немесе іштің екі бүйіріндегі ауру
9. Дефекация кезінде ауырсыну:
- a) ік ішектің немесе анустың зақымдануында кездеседі;
 b) тоқ ішектің зақымдануында кездеседі;
 c) асқазан дертіне тән;
 d) 12 елі ішек дерттеріне тән;
 e) көбінесе аш ішектің дерттерінде кездеседі;
10. Пилородуоденалдық аймақтағы аурулар:
- a) 12 елі ішек дерттеріне тән;
 b) ік ішектің немесе анустың зақымдануында кездеседі;
 c) тоқ ішектің зақымдануында кездеседі;
 d) асқазан дертіне тән;
 e) көбінесе аш ішектің дерттерінде кездеседі;
11. Көбінесе аш ішектің дерттерінде кездеседі:
- a) Кіндік тұсындағы аурулар
 b) Асты жұтынған кезде төс сүйегінің артындағы ауру
 c) Эпигастрий тұсындағы ауру
 d) Мықын аймағында немесе іштің екі бүйіріндегі ауру
 e) Дефекация кезінде ауырсыну

Ситуациялық есептер:

1 есеп.

Қыжылдау кезіндегі мейірбикенің мақсаты мен мейірбикелік іс-әрекет сипатын көрсетіңіз.

2 есеп.

Асқазан - ішектен қан кету кезіндегі мейірбикенің мақсаты мен мейірбикелік іс-әрекет сипатын көрсетіңіз.

Жауабы:

OŃTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 15 беті

1 есеп.

Мақсаты: Қысқа мерзімді мақсат: 20 минуттан кейін науқаста қыжыл болмайды. Ұзақ мерзімді: емделуші қыжылдаудың себептері мен онымен күресу әдістері туралы білімін көрсетеді.

Мейірбикелік іс-әрекеттер сипаты:

1. 1 стақан жылы сүт немесе газсыз, сілтілі минералды суды немесе 2 % сода ерітіндісін ішуді қамтамасыз ету.
1. Қыжыл туғызатын тағамдарды: қара нан, тосап, тәтті сусындар, қуырылған және майлы тағамдарды шектеуді ұсыну.

2 есеп.

Мақсаты: қан кету пульс және қан қысымы көрсеткіштері жақсарғанда тоқталады (уақыт индивидуалды)

Мейірбикелік іс-әрекеттер сипаты:

- 1) дәрігерді шақырту;
- 2) қатаң төсекті режим, арқасымен немесе бір қырымен жату, басы бір жағына бұрылған (кұсықпен тұншығудың алдын-алу);
- 3) ауыз арқылы тағам, сұйықтықты, дәрілерді қолдануды тоқтату;
- 4) эпигастралды аймаққа мұзды мұйық қою;
- 5) оттегімен емдеу;
- 6) пульс мен қан қысымын 30 минут сайын қадағалауды жүзеге асыру.

5- тақырып

1. Тақырып: Цистит, пиелонефрит, гломерулонефрит, бүйрек ауруларындағы мамандандырылған мейірбикелік көмек

2. Мақсаты: Зәр шығару жүйесі ауруларындағы мейірбикелік үрдісті, мамандандырылған мейірбикелік көмекті, зәр шығару мүшелері ауыратын науқастарға жасалатын күтім және бақылауды ұйымдастыру.

3. Оқыту міндеттері:

Зертханалық зерттеулерге зәрді алу

Ер адамдардың қуыған катетерлеу

Әйел адамның қуыған катетерлеу

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Ацетон және кетон бойынша зәр анализі
2. Диастазаға зәр анализі
3. Зәрдегі қанттың мөлшерін анықтау
4. Бактериологиялық зерттеуге зәр жинау
5. Зертханалық зерттеулерге зәрді алу
6. Ер адамдардың қуыған катетерлеу
7. Әйел адамның қуыған катетерлеу
8. Несеп шығару мүшелерінің аурулары кезінде қарау іс шараларының орындалу техникасы

техникасы

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

Ауызша сауалнама, ситуациялық есептерді шешу.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы		044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау		44 беттің 16 беті

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Чек-парақ

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Ацетон және кетон бойынша зәр анализі
2. Диастазаға зәр анализі
3. Зәрдегі қанттың мөлшерін анықтау
4. Бактериологиялық зерттеуге зәр жинау
5. Зертханалық зерттеулерге зәрді алу
6. Ер адамдардың қуыған катетерлеу
7. Әйел адамның қуыған катетерлеу
8. Несеп шығару мүшелерінің аурулары кезінде қарау іс шараларының орындалу

техникасы

9. Амбюрже бойынша зәр анализі;
10. Аддис-Каковский бойынша;
11. Уробилин және өт пигментіне

Тесттер:

1. Ер адамдарға қуығын катетерлеуге көрсеткіш:
 - a) зәрдің жедел кідіруінде
 - b) қуықтың қабыну ауруларында
 - c) зәр шығару каналының жарақаттарында
 - d) жедел қабыну ауруларында
 - e) қуықтың жарақатында және ауруларында
2. Ер адамдарға қуыған катетерлеуге қарсы көрсеткіш:
 - a) зәр шығару каналының жарақаттары
 - b) зәрдің жедел кідіруінде
 - c) қуықты жуу
 - d) дәрілік заттарды енгізу
 - e) зерттеуге зәр анализін алу
3. Әйел адамның қуыған катетерлеуге қолданылатын ерітінді:
 - a) антисептикалық ерітінді
 - b) этил спирті
 - c) лидокаин
 - d) натрий хлорид
 - e) калий хлорид
4. Зәрді зерттеу зәрдіңанықтауға көмек береді.
 - a) физикалық қасиеттерін, химиялық құрамын, тұңба микроскопиясын
 - b) биологиялық сәйкестілігін
 - c) биологиялық сәйкессіздігін
 - d) физикалық қасиеттерін, химиялық құрамын, биологиялық сәйкестілігін
 - e) физикалық қасиеттерін, химиялық құрамын, биологиялық сәйкессіздігін
5. Зәрді зерттеуге дереу жеткізу кезінде жазылады:
 - a) « cito! »
 - b) « k ito! »
 - c) « rito! »

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 17 беті

- d) « fito!»
 e) « bito!»
6. Несепті жалпы зерттеуге жинау үшін керекті заттар:
- таза шыны ыдыс, антисептикалық ерітінді немесе қайнаған жылы су, заттаңба
 - Тығыны бар таза құрғақ 250 мл флакон.
 - заттаңбасы бар 250 мл 8 таза, құрғақ флакон (міндетті түрде зәрдің мөлшері, жиналу уақыты номермен белгіленеді), қосымша 2-3 флакон.
 - заттаңбасы бар 250 мл 8 таза, құрғақ флакон (міндетті түрде зәрдің мөлшері, жиналу уақыты номермен белгіленеді), қосымша 2-3 флакон.
 - мақта –дәкеден жасалған тығыны бар залалсыздандырылған /бактериологиялық зертханадан алынған/ пробирка.
7. Бактериологиялық зерттеуге зәр жинау мақсаты:
- бүйректің микробпен ұрықтану сатысын, бактерия сипатын анықтау.
 - ұйқы безінің қызметін анықтау.
 - Қант диабетімен ауыратын емделушінің декомпенсация дәрежесін анықтау.
 - бүйректің концентрациялы қабілетін анықтау, тәуліктегі, күндізгі, түнгі диурезді анықтау.
 - зәрдегі пішінді элементтердің (лейкоциттер, эритроциттер, цилиндрлер) мөлшерін анықтау.
8. Зәр шығару мүшелерін катетерлеу үшін қолданылады:
- резеңке катетер
 - пластмас катетер
 - мыс катетер
 - алтын катетер
 - темір катетер

Жағдайлық есептер:

1 есеп.

Ж. есімді науқаста бауырдаң қызметі бұзылғаны анықталды. Осы кезде алынатын зәр анализі. Жабдықталуы мен іс-әрекет ретін көрсетіңіз

2 есеп.

Ұйқы безінің қызметі бұзылған науқастан зәр анализін алудың жабдықталуы мен іс-әрекет реті.

Жауабы:

1 есеп.

Уробилин және өт пигменттері бойынша зәр анализі

Жабдықтау: тығыны бар таза, құрғақ 250мл флакон.

Мейірбикенің іс-әрекеті:

- Науқасқа таңертең дәрет алып, флаконға 50-80 мл ортаңғы зәрдің бөлігін алуды түсіндіру.
- Флаконды тығынмен жауып, жолдамамен зертханаға жібереді

2 есеп.

Диастазаға зәр анализі

Жабдықтау: тығыны бар таза, құрғақ 250мл флакон.

Мейірбикенің іс-әрекеті:

- Науқасқа таңертең дәрет алып, флаконға 50-80 мл ортаңғы зәрдің бөлігін алуды түсіндіру.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 18 беті

2. Флаконды тығынмен жауып, жолдамамен зертханаға жібереді

6- тақырып

1. Тақырып: Қант диабеті, диффузды токсикалық зоб, Аддисон аурулары кезіндегі мамандандырылған мейіргерлік көмек

2. Мақсаты: Эндокринді жүйе ауруларындағы мейірбикелік үрдісті, мамандандырылған мейірбикелік көмекті, эндокринде жүйедегі өзгерістері бар науқастарға жасалатын күтім және бақылауды ұйымдастыру.

3. Оқыту міндеттері:

- Ішкі сөлініс бездерінің бұзылыстарын аспаптық зерттеу әдістері.
- Ішкі сөлініс бездерінің бұзылыстарын зертханалық зерттеу әдістері.
- Эндокринді ауруларды диагностикалау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Ішкі сөлденіс бездерінің ауруларындағы тексеру әдістері
2. Эндокринді ауруларды диагностикалау.
3. Ішкі сөлініс бездерінің бұзылыстарын аспаптық зерттеу әдістері.
4. Ішкі сөлініс бездерінің бұзылыстарын зертханалық зерттеу әдістері.
5. Уытты жемсау ауруын аспаптық және зертханалық тексеру әдісі.
6. Гипотиреоз ауруын аспаптық және зертханалық тексеру әдісі.
7. Гипоталамус-гипофиз патологиясымен сырқаттанған науқастарды зерттеу әдістері
8. Акромегалия және гигантизм ауруларын зертханалық және аспаптық тексеру әдістері.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

Ауызша сауалнама, ситуациялық есептерді шешу.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Чек-парақ

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

Тақырып бойынша сұрақтар:

1. Ішкі сөлденіс бездерінің ауруларындағы тексеру әдістері
2. Эндокринді ауруларды диагностикалау.
3. Ішкі сөлініс бездерінің бұзылыстарын аспаптық зерттеу әдістері.
4. Ішкі сөлініс бездерінің бұзылыстарын зертханалық зерттеу әдістері.
5. Уытты жемсау ауруын аспаптық және зертханалық тексеру әдісі.
6. Гипотиреоз ауруын аспаптық және зертханалық тексеру әдісі.
7. Гипоталамус-гипофиз патологиясымен сырқаттанған науқастарды зерттеу әдістері
8. Акромегалия және гигантизм ауруларын зертханалық және аспаптық тексеру әдістері.

Тесттер:

1. Қант диабет зертханалық диагностика үшін ең құнды әдіс:

- a) аш қарынға гликемия айқындауы
- b) ас жүктемеден кейін гликемияны айқындау
- c) гликирондаған гемоглабин айқындауы
- d) құлақ құлығығында глюкозы мөлшерін айқындау
- e) барлық жауап дұрыс

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы	044-57/19()
Білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін әдістемелік нұсқау	44 беттің 19 беті

2. II тип қант диабетінде жиі байқалады:
- жұқпалы аурулармен жиі ауыруы
 - аталған бәрі
 - шөлдеу мен полиурия
 - еңбек қабілеттілігінің төмендеуі
 - зәр шығару мен тыныс алу ауруларымен ауыруы
3. I тип қант диабет кезінде тері жамылғысына тән:
- аталған бәрі
 - липиодтық некробиоз
 - вителиго
 - диабеттік эпидермофитиясы
 - диабеттік көпіршіктер
4. Қант диабет кезінде өз-өзін бақылау:
- жоғарыда аталғанның бәрі дұрыс
 - гликемияны айқындау
 - глюкозурия
 - талдама нәтижесін тіркеу
 - ҚҚ және дене салмағын өлшеу
5. II тип қант диабетке шалдыққан науқастардың арасында артериялық гипертонияның таралуы:
- 50 % аса
 - 70% аса
 - 20 % аса
 - 30 % аса
 - 60 % аса
6. Инсулин құйғанда болатын асқынуларға жатады:
